

**Ш.Уәлиханов атындағы КУ жанындағы көпсалалы колледжі
Индустриялық кеңестің отырысы № 8 хаттамасы**

27.01.2026 жыл

Қатысқандар: 26 адам

1. Индустриялық кеңестің төрайымы - **Ахмеджанова Ардақ Маратқызы** - Көкшетау қаласы М.Габдуллин атындағы № 3 көпсалалы гимназиясының директоры;
2. ИК төрағасының орынбасары: **Жанарбеков Рахат Сайатович**- Еуразиялық банк АҚ директордың бөлшек бизнес жөніндегі орынбасары;
3. Модератор - **Уаисов Рыспай Базарбайұлы** - колледж директоры;
4. **Жусупбекова Гульнар Кабаевна** - директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;
5. **Жамбылов Қуаныш Теміржанұлы** - директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
6. **Махметов Айбек Топашұлы** - директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары;
7. **Қайыркен Әділет Жеңісұлы** - Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Ұлттық және бұқаралық спорт түрлері бойынша спорт клубы» КММ директоры;
8. **Әубәкіров Айтқазы Әлімбайұлы** - Көкшетау қаласы № 1 мектеп-гимназиясының директоры;
9. **Кудайбергенова Самал Рамазановна**- Көкшетау қаласы № 1 мектеп-гимназиясының бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің орынбасары;
10. **Ибраева Қуаныш Сагидулловна** – Көкшетау қаласының № 5 «Таңдау» көпсалалы гимназиясының орыс тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі;
11. **Жусупбекова Шнар Рымбековна** – Көкшетау қаласының № 6 мектеп-лицейінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі;
12. **Ибраева Сауле Даутовна**- Көкшетау қаласы, № 19 ЖОББМ директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, информатика пәнінің мұғалімі;
13. **Вачугова Марина Викторовна** – Көкшетау қаласының № 2 мектеп-лицейінің ағылшын тілі мұғалімі;
14. **Макашева Кунсулу Жусуповна**- педагогикалық мамандықтар бөлімінің меңгерушісі;
15. **Мухамеджанова Гульвира Советовна** - Педагогика, психология ПЦК төрайымы;
16. **Джумагалиева Саяна Жандосовна** - шет тілі мамандығы ПЦК төрайымы;
17. **Большина Куралай Ильясовна** - орыс тілі және әдебиеті біліктілігі ПЦК төрайымы;
18. **Козлова Дарья Валерьевна** – Көкшетау қаласының № 1 мектеп-гимназиясы КММ орыс тілі және әдебиеті мұғалімі, колледж түлегі;
19. **Дірман Жанбота** – Forte Bank АҚ жалақы жобаларын дамыту басқармасының бас менеджері, колледж түлегі;

20. Мукашева Динара Омиржановна – бөлім меңгерушісі;
21. Ахитова Айнагуль Калымжановна - ПЦК төрайымы;
22. Султанбек Жангелді Талантұлы – «Volashaq sarayı» ШЖҚ МКК ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы, Көкшетау қаласы;
23. Нуртлесов Сағындық Бекетович – Ш.Уәлиханов атындағы КУ компьютерлік технологиялар және телекоммуникациялар бөлімінің маманы;
24. Евменова Светлана Николаевна – ПЦК төрайымы;
25. Атаева Баян Болатхановна – арнайы пән оқытушысы, ИК хатшысы;
26. Сливканич Анна-«Орыс тілі және әдебиеті» біліктілігінің 3 курс студенті.

Күн тәртібі

1. Индустриялық кеңестің (ИК) жұмысы туралы есеп. Жалпы білім беретін мектептер жүйесіндегі жаңалықтар, колледж студенттерінің мектептегі практикасын ұйымдастыру ерекшеліктері (ИК төрайымы Ахмеджанова Ардақ Маратқызы).
2. Жаңа білім беру бағдарламаларын Тізілімге (Реестр) енгізу. Білім беру бағдарламаларын (БББ) әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (Жүсіпбекова Гүлнар Қабайқызы ОЖ жөніндегі директордың орынбасары).
3. 2025 жылы бітірген түлектерді жұмысқа орналастыру нәтижелері. (Мұқашева Динара Өміржанқызы бөлімше меңгерушісі).
4. Епбек электрондық еңбек биржасы порталына студент практиканттардың тіркелу рәсімі жөнінде ұсынымдар (Махметов Айбек Топашұлы директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары).
5. ИК-нің 2026 жылға арналған жұмыс жоспары. (ИК төрайымы Ахмеджанова Ардақ Маратқызы).

Тыңдалды:

ИК төрайымы Ахмеджанова Ардақ Маратқызы кіріспе сөз сөйлеп, жиналысқа қатысушыларды құттықтап, сөзді жиналыс модераторы Р.Б. Уаисовқа берді.

Уаисов Рыспай Базарбайұлы қатысушыларды ИК өткізу ережелерімен таныстырды және аталған іс шара жыл сайын өткізілетінін атап өтті.

Бірінші сұрақ бойынша Ахмеджанова Ардақ Маратқызы ИК төрайымы ретіндегі жұмысы туралы есебі тыңдалды. Сонымен қатар мектеп қабырғасында практика өтетін студенттерге ұсыныстар айтылды.

Екінші сұрақ бойынша Жүсіпбекова Гүлнар Қабайқызы Жаңа білім беру бағдарламаларын Тізілімге (Реестр) енгізу ережелерімен таныстырды. Білім беру бағдарламаларын (БББ) әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар жайлы сөз қозғады.

Үшінші сұрақ бойынша Мұқашева Динара Өміржанқызы 2025 жылғы түлектердің мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіштерін көрсететін диаграмма ұсынды. «Жұмыспен қамту» айдарына тоқталып, 102

түлек жоғары оқу орындарында білімін жалғастырып жатқанын атап өтті. 67 түлек жұмыспен қамтылып, 14-і жұмыс іздеу барысында. Сондай-ақ, Қазақстан Қарулы Күштерінде қызмет етуге шақырылғандардың көптігін атап өтті. Биылғы оқу жылында түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 92 %-ды құрады.

Төртінші сұрақ бойынша Махметов Айбек Топашұлы Епбек электрондық еңбек биржасы порталына студент практиканттардың тіркелу рәсімі жөнінде ұсынымдар жайлы айтты. Өткен жылы Көкшетау қаласының 6 мектеп-лицейімен бірлесе отырып, Епбек электрондық еңбек биржасы порталына студент практиканттарды тіркелгені жайлы толық тоқталып кетті. Алдағы уақытты Көкшетау қаласындағы басқа да мектептермен аталған порталмен жұмыс жасауға дайындығын атап көрсетті.

Өз сөзінде Махметов Айбек Топашұлы «Болашақ сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ақпараттық технологиялар бөлімінің әдіскері Сұлтанбек Жангелді Талантұлы алғысын білдіріп, колледж студенттеріміз әрдайым аталған мекемеде өз практикаларын сәтті өтетінін атап кетті. Колледж студенттері төртінші жыл қатарынан дуалды білім беру бағдарламасы аясында тағылымдамадан өтіп жатыр. Биылғы оқу жылында көпсалалы колледж студенттері де дуалды бағдарлама арқылы тағылымдамадан өтуде, мұнда келісімшарт шарттарының бірі - тәлімгерлер мен тағылымдамадан өтушілерге ақы төлеу, сондай-ақ түлектеріміз үшін жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін құру жоспарлануда делінді. Сонымен қатар колледжіміздің түлегі Козлова Дарья Валерьевна – Көкшетау қаласының № 1 мектеп-гимназиясында Орыс тілі және әдебиеті мұғалімі болып жұмыс атқарып жатқанын атап өтті.

ИК соңында төрайымы Ахметжанова Ардақ Маратқызы қорытыды соз сөйлеп, 2026 жылға арналған Индустриялық кеңесінің жоспарымен таныстырды.

Қаулы етті:


1. Жобаны жоспарлау (2026 ж. - қаңтардың 2027 ж. аралығына).
2. «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі» және «Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі» мамандықтарына білім бағдарламаларының мазмұнын қарастыру.
3. Колледж бітіруші топтардың қорытынды аттестациялауына қатысу, түлектердің жұмысқа орналасуына көмек көрсету.
4. Жыл бойы Епбек порталы арқылы практиканы ұйымдастыруға көмек беру.

ИК төрайымы



Ахметжанова А.М.

ИК хатшысы



Атаева Б.Б.